

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының PhD докторантты Келсінбек Мәлдір Мухиддинқызының «8D02195 – Өнертану» БББ бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «XXI ғасырдағы Қазақстан кескіндемесінің мәдени кодтары ұлттың рухани құндылықтарының көрінісі ретінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына берілген

### РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТИҚ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/ и №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1		1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Диссертация тақырыбында қарастырылған мәселе төменде көрсетілген мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.</p> <p>«Халықтың үміттеріне толық жауап беретін, елдің саяси және қоғамдық өмірін жаңарту, ұлттың мәдени кодын және менталитетін жаңғырту қажет» екенін атап өткен болатын.</p> <p>Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» 02 қыркүйек 2024 ж.;</p> <p><a href="https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstan-zanmen-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659">https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstan-zanmen-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659</a></p>
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның	<p>Бұл диссертациялық жұмыс мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған.</p> <p>Алдағы уақытта «Креативті индустрияны» дамытудағы</p>

		<p>атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>мемлекеттік бағдарламалардың талаптарына сай гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер бағытына сәйкес ұсынуға болады.</p>
2	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>ХХ-XXI ғасырлардағы гуманитарлық ғылымдар мен әлеуметтік ғылымдарда қоғамның сакральды, этникалық, этикалық және аксиологиялық кодтарды бейнелеудегі өзіндік ерекшеліктері айқындалды. Бұл кодтар жүйесінде әлеуметтіксаяси аспектінің басым болуы әр халыққа өз мәдени ерекшеліктерін сақтап, ұлттық сәйкестікті анықтауға мүмкіндік береді. Мәдени код ұғымы өнертанудың әдіснамалық өрісін кеңейтіп, визуалды зерттеулерге жол ашады және көркем бейнeler арқылы әр тарихи кезеңнің ерекшеліктерін қайта күрүп, отандық кескіндемеде көрініс тапқан ұлттық идеяларды анықтауға мүмкіндік береді. Қазіргі суретшілердің заттар әлеміне деген ерекше қызығушылығы ұлттық</p>

			менталитет пен рухани тәжірибелерді көркем тілде зерделеуғе деген ұмтылыстан туындаиды. Дәстүрлі тұрмыс пен қасиетті заттың кодтарға жүгіну – бұл өзге болмыс пен мифологиялық универсалиялар мен тарихи жадының көркем репрезентациясы ретінде қарастырылады.
3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	Докторант зерттеу жұмысының өзекті мәселелерін, қойылған мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруда тарихи-теориялық дерек көздерін зерттеп, салыстырмалы талдаулар жасап, дәлелді тұжырымдар шығарған, нәтижелерді жоғарғы деңгейде жазып шыққан.
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>Зерттеу тақырыбының өзектілігі оның ғылыми, мәдени, теориялық және практикалық маңыздылығымен айқындалған.</p> <p>Қазақстанның жас суретшілері шығармашылығында мәдени сәйкестендіру мен этникалық сананың мәселелері басты орынға шығуы отандық өнерде мәдени кодтарды бейнелеу механизмдерін түсінудің айрықша маңызды екенін көрсетеді. Бұл мәселенің пәнаралық контексте қарастырылуы, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың әдіснамалық құралдарын интеграциялау арқылы өзекті шешімін таба алған.</p>
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация	Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымы

		<p>тақырыбын айқындайды:</p> <p><b>1) айқындайды;</b></p> <p><b>2) ішінара айқындайды;</b></p> <p><b>3) айқындаамайды.</b></p>	<p>зерттеу тақырыбын толық ашуға бағытталған және оның негізгі мәселелерін жан-жақты қамтиды. Осы тұрғысынан алғанда, қойылған мақсат-міндеттерін орындаған, мазмұндық және ғылыми негіздемесі айшықталған, өзектілігі мен тұжырымдамалары дәлелденген толыққанды зерттеу жұмысы болып табылады.</p>
		<p><b>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</b></p> <p><b>1) сәйкес келеді;</b></p> <p><b>2) ішінара сәйкес келеді;</b></p> <p><b>3) сәйкес келмейді.</b></p>	<p>Мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбының мазмұнын нақты ашады және соған толық сәйкес келеді.</p>
		<p><b>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</b></p> <p><b>1) толық байланысқан;</b></p> <p><b>2) ішінара байланысқан;</b></p> <p><b>3) байланыс жоқ.</b></p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланыс сақтаған.</p>
		<p><b>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</b></p> <p><b>1) сынни талдау бар;</b></p> <p><b>2) талдау ішінара жүргізілген;</b></p> <p><b>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</b></p>	<p>Мәдени код ұғымын ашуда кеңестік ғылыми мектептің структурализм мен семиотика салаларындағы іргелі еңбектеріне, код ұғымы ақпаратты жеткізетін екінші деңгейлі семиотикалық жүйе ретінде қарастырылады Р.Г. Якобсон, Ю.М. Лотман, В.П. Топоров, Вяч. Иванов, А.Жолковский және т.б. еңбектеріне сүйенеді. Мәдени кодтың мәнін ашу үшін лингвомәдениеттану ғылымының әдістемелік</p>

		<p>4) талдау жоқ.</p> <p>құралдары, код үғымы тұрақты және нақты семантикалық мәнге ие екендігі қарастырылған В.В. Красных, Б. Гудков, С.М. Толстая ғылыми еңбектері қарастырылған.</p> <p>Мәдени кодтарды рухани, этикалық, құндылықтық және әлеуметтік мағыналардың сақтаушылары мен жалғастырушылары ретінде қабылдау иконология саласындағы зерттеулерге негізделеді. А. Варбургтың, Э. Панофский, Э. Гомбрих, М. Баксандалл және басқа да өнертанушылар еңбектерін негізге алады.</p> <p>Сондай ақ отандық өнертанушы ғалымдар Р.А. Ергалиева, ХХ.Труспекова, О.В. Батурина, А.К. Юсупова, С.Ж. Кобжанова, Д.С. Шарипованың еңбектері назарға алынған.</p> <p>Дәстүрлі мәдени контексте мәдени кодты зерттеудің методологиялық мәселелері қазақ этнологтары мен мәдениеттанушылары С. Ақатаев, К. Нұрланова, А. Досымбаеваның еңбектерін, Қазақстандық мәдениеттің символикалық мағыналарын талдау саласында Ж. Шайгозова, А. Наурызбаеваның ғылыми еңбектері қарастырылған.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b></p> <p><b>2) ішінara жаңа (25-75% жаңа);</b></p> <p>Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа. Зерттеу жұмысында қазақ өнертану саласында әлі кеңінен</p>

		<p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	қарастырылмаған тақырыптар мен әдіснамалық тәсілдер қамтылған, жұмыс ғылыми жаңалық деңгейінде бағалануға лайықты.
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b>  <b>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</b>  <b>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</b></p>	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары жаңа деп айтуға толық негіз бар.
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b>  <b>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</b>  <b>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</b></p>	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары теориялық және практикалық негіздерге сүйене отырып жасалған. Зерттеу барысында ұсынылған тұжырымдар нақты теориялық дәлелденген, жүйелі ғылыми талдаулар жүргізілген, заманауи әдіснамалық тәсілдермен және көркемдік материалдармен толық негізделген. Осы ерекшеліктердің арқасында бұл диссертациялық жұмыс өнертану ғылымының дамуына өзіндік үлес қосады және өзектілігі жоғары, мазмұнды ғылыми еңбек ретінде бағалауға лайықты.

7	<p>Коргауға шығарылған негізгі ережелер</p>	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.1 Жұмыста ереже дәлелденген.</p> <p>7.2 Жоқ.</p> <p>7.3 Ұсынылған ережелер жаңа.</p> <p>7.4 Ережелерді қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Зерттеу нәтижелері және негізгі ережелер 4 ғылыми мақалаларда баяндалған. Диссертациялық зерттеудің негізін құрайтын теориялық мәселелері мен тұжырымдары КР БФМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті белгіленген республикалық 3, SCOPUS базасына енетін нолдік емес, импакт факторы бар халықаралық 1 ғылыми басылым материалдарының жинақтарында жарияланды. Мақала мазмұны және қозғаған мәселесі диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p>
---	---	---	---

8	<p>Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі.</p>	<p><b>8.1</b> Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу жұмысында негізгі әдіс ретінде тарихи-теориялық талдау, салыстырмалы сараптама жасау тәсілдері, сондай-ақ күрылымдық-семиотикалық тәсіл, семантикалық талдау, өнертанушылық талдау тәсілдері негізге алынған.</p>
		<p><b>8.2</b> Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста зерттеу нәтижелерін талдау барысында заманауи ізденістерге сай компьютерлік технологиялар қолданылып, мәліметтерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелері пайдаланылған.</p>
		<p><b>8.3</b> Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған езара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұнынан туындайтын қорытындылар өнертану ғылымының талаптары негізінде жан-жақты талданып, ғылыми түрде дәлелденген.</p> <p>Зерттеу барысында педагогикалық ғылымдар аясында арнайы эксперименттік жұмыстар жүргізілмеген.</p>
		<p><b>8.4</b> Маңызды мәлімдемелер нақты</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми</p>

		және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара <b>расталған</b> / <b>расталмаған</b> .	әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	150 әдебиет пайдаланылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) ия; 2) жоқ.	Бұл зерттеу бірқатар құнды нәтижелер мен қорытындыларды қамтиды. Зерттеудің теориялық маңызы Қазақстанның қазіргі бейнелеу өнерін көпсалалық түрғыда қарастыруда жатыр. Докторлық диссертацияның теориялық қорытындылары мен материалдары қазіргі бейнелеу өнерінің тарихы, өнер теориясы мен әдіснамасы саласындағы алдағы зерттеулерде қолданылуы мүмкін.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Зерттеудің практикалық маңызы: жұмыста жинақталып, талданған материалдар Қазақстанның қазіргі өнерінің тарихы мен теориясы бойынша оқу бағдарламаларын және дәріс курстарын, сондай-ақ визуалды зерттеулер бойынша арнайы курсарды әзірлеуде теориялық және әдіснамалық түрғыдан пайдалы болмақ.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа, алынған нәтижелер кәсіби түрғыдан пайдалы болатыны сөзсіз.

10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	Талапқа сай жазылып рәсімделген.
11	Диссертацияға ескертулер		Зерттеу жұмысында орфографиялық, техникалық қателіктер кездеседі.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы диссертациялық еңбектің ішкі бірлігі мен маңыздылығын айқындауға бағытталған. Зерттеу барысында қол жеткен негізгі ғылыми жаңалықтарға мақаладағы зерттеулер сейкес келеді.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Келсінбек Мәлдір Мұхиддинқызының «8D02195 – Өнертану» БББ бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «XXI ғасырдағы Қазақстан кескіндемесінің мәдени кодтары ұлттың рухани құндылықтарының көрінісі ретінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми дәрежелер беру талаптарына сай

рәсімделген, толық аяқталған  
ғылыми жұмыс.  
Диссертацияның осы  
айқындаушы белгілеріне сүйене  
отырып «8D02195 – Өнертану»  
мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD)  
дәрежесін алуға лайықты деп  
есептеймін.

**Ресми пікір білдіруші:**

Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық  
өнер университетінің профессоры,  
өнертану кандидаты,

Асылбекова Айман Мухтархановна

РАСТАЙМЫН

"ҚазҰОУ" РММ

Мамандықтың құмымы жүргізу болімінің жетекшісі

*А.О.Хоссарбекова*

